4.2.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін бағаланатын кезеңге құрастырылған және бекітілген жеке оқу жоспарлары

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мақсаты: балалардың қоғамға сәтті бейімделуіне, оңалтуына және жекелей өсуіне ықпал ететін психологиялық- педагогикалық жағдайлардың кешенді жүйесін құру.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің міндеттері:

1. ЕББҚ балалардың физикалық және (немесе) психикалық дамуындағы кемшіліктерге байланысты ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау;
2. ЕББҚ балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке бағдарланған психологиялық- педагогикалық көмекті жүзеге асыру;
3. ЕББҚ балалардың жалпы білім беру бағдарламасын игеруге ықпал ету.

Ссылка:(жұмыс жоспары)

2021-2022 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1rPoHAu-Vr70mHIEzZ0Ekn4DyZ_UXorV/view?usp=sharing

2022-2023 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1PLmnwsmHq1YqPMT6oyOjjaOZwNfZ6UyS/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1JidCgnrKUla2b66PbRySdclTIqD1Bi2z/view?usp=sharing>

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды:

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен отбасына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;
3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау; педагог-психолог ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жеке сабақтар ұйымдастырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны келесі әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдайларды қамтиды:

- жалпы білім беру тобында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу;
- жеке бағдарламаларды құрастыру.

Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар үш бала тәрбиеленуде:

№	Баланың аты-жөні	ЖСН	Жас ерекшелік тобы	Қорытынды
1	Задақан Алижан Нұрланұлы	17101850730	«Балапан» мектепалды даярлық топ	Задержка психического развития, ОНР 3 уровня
2	Айдар Айсұлтан	200119500943	«Қошақан» ортаңғы топ	Нарушения общения и социального взаимодействия
3	Жолжақсы Батыр Бағдаулетұлы	181019504245	«Ортеке» ересек топ	Трисомия по 21 паре хромосом. Умеренные нарушения интеллекта. Отсутствие речи.

Бұйрық, отырыстардың хаттамалары, командалық бағалау хаттамалары, анықтама - ПМПК қорытындысы, оқу жоспары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудың жеке бағдарламалары ссыламен толық нұсқада қоса берілді.

4.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына вариативті сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

№106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайында 2021-2022 оқу жылында бағдарламаға сәйкес вариативтік компонент жұмыстары жүргізілді. Оның жұмысының дұрыс жолға қойылуы баланың әлеуметтік ортаға тез бейімделуін, психологиялық дамуын алғашқы орынға қояды. Баланың шығармашылығын, қабілетін дамыта отырып, өз ойын ашық айта алатын және өнерін дамыту мақсатын ескере отырып, вариативтік компоненттер жүргізілді. Бұл жұмыстардың барысында бала бойындағы өзінің сенімділігін, жетістігін айқындайды. 2021-2022 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылатын оқу қызметтері:

- Ортаңғы топта вариативтік компонент-1 сағат үйірмелер «Merry English» (0,5 сағат), «Кел билейік» (0,5 сағат);
- Ересек топта вариативтік компонент - 2 сағат үйірмелер «Merry English» (0,5 сағат), «Кел билейік» (1 сағат), «Денсаулық» (0,5 сағат);
- Мектепалды даярлық тобында вариативтік компонент - 3 сағат үйірмелер «Merry English», «Кел билейік», «Денсаулық».

Ссылка: (үйірме)

«Merry English» үйірмесі

<https://drive.google.com/file/d/1A-c3K8A2wwVvlgIOBRSSlID0drr4Ibaa/view?usp=sharing>

«Денсаулық» үйірмесі

https://drive.google.com/file/d/1ywxNZzoIwS-DUTi3dLh3uAeT_ORMXIH7/view?usp=sharing

«Кел билейік» үйірмесі

<https://drive.google.com/file/d/1h7Nq9ZVOVN8NHZg3x3cb7qqGebueoYgP/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылатын іс-әрекеттер:

Ортаңғы топ, ересек топ және мектепалды даярлық топтарында вариативті компонент - 2 сағат «Кел билейік», «Логика» үйірмелері жүзеге асырылды.

Ссылка: (үйірме)

«Кел билейік» үйірмесі

https://drive.google.com/file/d/1Irl1cggJ9JDYEMMpneOA_HQir14TwgG/view?usp=sharing

«Логика» (перспективалық жоспар, циклограмма)

<https://drive.google.com/file/d/1JZAIB709sMMA7Usqt11FTJFpxgQFmziP/view?usp=sharing>

https://drive.google.com/file/d/14R7NOrFp9fFAOX_ulRKqFfY-GDYmoVLC/view?usp=sharing

<https://drive.google.com/file/d/1oQXqwOF6xfkL2Aueq3wTv736Pgh21FoG/view?usp=sharing>

<https://drive.google.com/file/d/1UvsRHsKhkjWSr-uvSOROvFuc9ogWnTZb/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылатын іс-әрекеттер:

Ортаңғы топ, ересек топ және мектепалды даярлық топтарында вариативті компонент - 2 сағат «Кел билейік» үйірмелері жүзеге асырылды.

Вариативті білім беру қызметін жүзеге асыру бағаланатын кезеңге сайтта қосымша берілген.

Ссылка: (үйірме)

«Кел билейік» үйірмесі

<https://drive.google.com/file/d/1cPXYMHgvp3WAchBToxkkkjhEXGW6Swjv/view?usp=sharing>

4.4 Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшем шарттар:

Тәрбиелеу - білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, күн тәртібіне, ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесіне, тәрбиеленушілердің білімін бағалауына сәйкес бала дамуының мониторингі жүзеге асырылды. *Перспективалық жоспарды* оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2021-2022 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды өтпелі тақырып негізінде тәрбиешілер мен басқа да педагогтар (орыс тіл мұғалімі, ағылшын тілі мұғалімі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, хореограф және т.б.) жасады. 2022-2023 оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас ерекшелік топтарында жұмыс жасайтын педагогтер (музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, бейнелеу пәні мұғалімі, хореограф және т.б.) оқу жылы басталғанға дейін бір рет жасады, ал 2023-2024 оқу жылында білім беру міндеттері айқындалды.

(Бағаланатын кезеңге тәрбиелеу-білім беру процесінің перспективалық жоспары қосымша сайтта берілген)

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге қайтуынан бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етті. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды. Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары балабақша-бөбекжайының топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыру кезінде мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасы және «**Shugylakitap**» баспасының оқу-әдістемелік кешендері пайдаланылды. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар қағидаттарға бағдарланды:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен тәсілдерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескерді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілді. ***(Бағаланатын кезеңге тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы қосымша сайтта берілген)***

Педагог мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Мамандардың кестесі, перспективалық

жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды. Психолог, логопед, дефектолог, бейнелеу өнері мұғалімі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілі іс-әрекеттерінен пән мұғалімдерінің жоспарлары циклограммаларымен қоса берілді. ***(Бағаланатын кезеңге пән мамандарының жұмыс жоспарлары сайтта қосымша берілген)***

Балабақша-бөбекжайының отбасымен бірлескен іс-әрекетіне талдау
«Ата-аналармен бірлескен жұмыс жүйесін дамыту»

Мақсаты: Баланы тәрбиелеп, дамыту мәселелері бойынша ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімдерін арттыру негізінде балабақша мен отбасының өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру.

Мақсатты жүзеге асырудың негізгі бағыттары:

Ата-аналармен біріккен жұмыс мынадай негізгі бағыттар арқылы жүзеге асырылады:

- серіктестік пен ынтымақтастық негізінде отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға қойылатын біркелкі талаптармен бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету;
- баланың отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда психикалық-физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;
- баланың жеке дамуы үшін білім беру траекториясын құруда баланың бейімділігі мен отбасы қажеттілігінің есепке алу;
- баланы мектепке даярлауды қамтамасыз ету;
- отбасы жағдайында жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету;
- балалармен бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрлеріне қатысу;
- ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын мектепке дейінгі ұйымдармен өзара тығыз іс-әрекет негізінде арттыру және ата-аналарды білім беру үшін берілген меңгеру негізінде көтеру.

Осы бағыттарды жүзеге асыра отырып, ата-аналармен бірлескен жұмыс жүйесін дамыту мақсатында тугызылатын мынандай жағдайлар тугызылды:

- ата-аналардың психологиялық және педагогикалық білім деңгейлерін көтеруді олардың мектепке дейінгі мекемемен тығыз байланыстары негізінде және оларға арналған бағдарламалар арқылы арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі мекеме іс-әрекетіне тартуда әртүрлі бірлескен іс-әрекет түрлеріне (ойын түрлерін өткізу және оған қатысу, үйірмелерге басшылық ету, ата-аналар клубтарымен жұмыс) қатыстыру;
- балалардың бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрлеріне қатыстыру;
- мектепке дейінгі мекеменің іс-әрекетін жоспарлап және оған бақылау жасауға қатыстыру;
- мектепке дейінгі мекеменің топтарында әлеуметтік дамытушы ортаны тудыруға қатыстыру;
- мектепке дейінгі мекемедегі шараларды жоспарлауда, сценарилерді, мерекелерді, конференциялар мен деспудтарды дайындауға қатыстыру:

Аталған жұмыстар жылы бойы мақсатқа жүзеге асырылып, төмендегідей нәтижеге жетуге ықпал етті.

Күтілетін нәтиже:

- отбасы мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға қойылатын біркелкі талаптармен бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету;
- отбасы жағдайында жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;
- ата-аналардың балалармен бірлескен шығармашылық іс-әрекет түрлеріне қатысуы;
- ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығының мектепке дейінгі ұйымдармен өзара тығыз іс-әрекет негізінде артуы.

2021-2023 оқу жылдарында ата-аналармен:

- топтық ата-аналар жиналыстары;
- балабақшалық ата-аналар конференциясы, дөңгелек үстелдер;
- бірлескен іс-шаралар («Күзгі жәрмеңке», «Салт-дәстүрім байлығым», «Алтын қақпа», «Дені саудың жаны сау» және т.б.);
- қамқорлық кеңестерінің отырыстары сияқты жұмыс түрлері жоспарланған.

Ата-анамен жұмыс жоспарлары сайтта қосымша берілген.

Ссылка:

2021-2022 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1XUz989a0c1GXtLFs9QB7HQRpg5gnHnwQ/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1i9qrLWW9O5D9wx-okknAUerOyOmO2_ni/view?usp=sharing

2023-2024 оқу жылы

https://drive.google.com/file/d/1OzLLMGNODEPZdx6yGywP5279_CBwvTY0/view?usp=sharing

Балалардың денсаулығы бойынша жұмыс

Мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайту, салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін қарастыру балабақша-бөбекжайының басты мақсаты. Сол себепті әрбір баланың салауатты өмір салтымен өмір сүру үшін аурудың алдын алу және болдырмау, дұрыс тамақтану, жеке гигиеналық ережелерді сақтау, дене тәрбиесімен айналысу, серуенді дұрыс ұйымдастыруға мейірбике жыл көлемінде үнемі көңіл бөліп қадағалауда болды. Балалардың санитарлық-гигиеналық режимі бақыланып, аурудың алдын алумен сауықтыру жұмыстары үнемі жүргізіліп, алғашқы көмек көрсетілді. Балабақшаға рұқсат анықтамалары бар, барлығы медициналық тексеруден өткен балалар ғана қабылданды. Балабақшада үнемі «С» витаминизация жүргізіліп, әрқашанда қайнатылған су ішу тәртібі сақталып қадағаланып отырады. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдауды ҚРДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға 8 қосымша 1-нысанына сәйкес тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының бракераж журналына деректерді енгізе отырып, олардың сапасы және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары алынған. Тамақтандыру арасындағы интервал 3,5-

4 сағаттан аспайды. Тамақтың сапасы жоғары, көкөніспен, жемістермен, етпен, шырынмен, сүт өнімдерімен, толығымен қамтамасыз етілген, мөлшері сақталады. Балабақша-бөбекжайында балаларға бес уақыт ас беріледі.

Білім беру ұйымдарымен байланыс

2022 жылы балабақша-бөбекжайының тәрбиеленушілері Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің ұйымдастыруымен өткен **«WorldSkills Shygys – 2022»** аймақтық чемпионатқа қатысып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бүгінгі күнгі заманауи технологиялары арқылы олардың білім деңгейлерінің артуына ықпал етті. 2023 жылы 27 сәуір С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті базасында Өскемен қаласындағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған интеллектуалдық марафонға балабақша бүлдіршіндері қатысып, **«Ең үздік ойшылдар»** атағына ие болып, жеңімпаз атағына ие болды. Осындай ұйымдастырылған әр іс-шаралар арқылы білім беру ұйымдарымен байланыстар нығая түседі.

Облыстық семинар

2021 жылы «Дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Шығыс» өңірлік орталығымен бірлесе отырып ұйымдастырылған облыстық семинар.

Семинар мақсаты: мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Семинарға қатысушылар: мектепке дейінгі мекемелердің 35 тәрбиешілері мен әдіскерлері, Өскемен және Курчатов қаласынан, Тарбағатай, Зайсан, Көкпекті, Ұлан, Аягөз, Ұржар, Бородулиха, Жарма, Күршім, Бесқарағай, Абай, Самар, Бобровка аудандарынан қатысты. Кіші топта, ортаңғы топта, ересек, мектепке даярлық топтарында ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер және оларды кіріктіру жолдарын және әдіс-тәсілдер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға негізделі ұйымдастырылды.

2022 жылы «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау» облыстық семинар «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтымен өткізілген семинар мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің балаларды дамытуға деген алуан түрлі амалдарды кең таңдау, педагогикалық үдерістерді жобалау қабілеттерін арттыру. Семинарға қатысушылар: мектепке дейінгі мекеме 22 тәрбиешілері мен әдіскерлері, Өскемен қаласынан, Катон-Қарағай, Семей, Тарбағатай, Зайсан, Күршім, Бесқарағай, Абай, Самар, Көкпекті, Ұлан, Аягөз аудандарынан. Барлық топтарда ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттерінен әрекетті оқытуға негізделі жүзеге асу жолдары көрініс тауып отырды.

2023 жылы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының оқу-тәрбие жұмысын бағалау қызметінің критерийлерін тәсіл негізінде құру» АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша «Өрлеу» педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтымен өткізілген облыстық іс-тәжірибе алмасу семинар ұйымдастырылды.

Қалалық семинар

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы білім бөлімінің жоспарына сәйкес 2022 жылдың 21 қыркүйегінде балабақша-бөбекжайында «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің құжаттамасын жүргізу» тақырыбында мектепке дейінгі ұйым әдіскерлеріне арналған тәжірибе алмасу семинары жоғары деңгейде өткізіліп, қатысушылар тарапынан жоғары баға берілді.

Конференция

2023 жылы 6 желтоқсанда XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция балабақша педагогтары қатысты. «Құндылық-бағдарлы білім беру идеясын жүзеге асыру: мәселелер, ізденістер, шешімдер» тақырыбында С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕ АҚ ұйымдастыруымен өткен конференцияға балабақша педагогтері баяндама оқып, іс-тәжірибелерімен бөлісіп, баяндамалары үздік деп танылып, сертификаттармен, алғыс хаттармен марапатталды.

№106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық семинар

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы білім бөлімінің №106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайының 30 жылдық мерейтойына арналған 2022 жылдың 25-29 сәуір аралығында апталық ұйымдастырылды. Балабақшаның 30 жылғы тәжірибесіндегі ұтымды тұстары *«Шеберлік үлгісі»*, *«Ата-ана баланың алтын діңгегі»*, *«Ойна да ойлан»*, *«Қарлығаш -киелі құс»*, *«Бала шақтан болашаққа»* тақырыптарында апталық тәжірибе арқылы ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған шаралар жоғары деңгейде бағаланды. Педагогтар дипломдар, алғыс хаттармен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 1 шілдедегі №192 Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтарын құру туралы бұйрығы негізінде Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайы КМҚК 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың **«Осу нүктелері құзыреттілік орталығы»** болып табылады.

5. ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

№106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайы екі қабатты, ірі панельді ғимаратта орналасқан. Іші темір бетонды, гипсакартонды және кірпіш материалдарымен бөлінген. Төбесі жұмсақ жабумен жабылған. Салынған жылы 1990 жыл, жалпы ауданы 1742,7 кв.м., ғимарат көлемі 5960 кв.м., құрылыс аумағы 768,0 кв.м., ғимаратты қоршап тұрған алаң 1742,7 кв.м. Мектепке дейінгі мекеме тәрбиеленушілеріне арналған ойын алаңы 273,6 кв.м. құрайды. Балабақша ғимараты 140 орынға есептелген, 6 топ жұмыс жасайды. Балабақша ғимаратына ашылғаннан бастап күрделі жөндеу жүргізілмеген. Анықталған кемшілік бойынша қалалық білім беру бөлімінің директорына өтініш–сұраныс жасалып, қаражат бөлуге тапсырыс берілді. Бірақ биылғы оқу жылына жоспарланған күрделі жөндеу жұмысы жүзеге асырылмай отыр (*ғимараттың сырты, ғимарат ауласындағы жолдар, ғимараттың ішіндегі күрделі жөндеулер т.б.*). Сол себепті аталмыш жөндеу жұмысы әлі де өз кезегін күтуде.

Ғимараттың кіре берісінде есік алдында дабыл түймесі, бейнекамералар орнатылған: сыртқы - 8 дана, ішкі -21 дана. «Ленина - 50» ЖК-мен бейнебақылауға техникалық қызмет көрсету бойынша №13, "Дабыл түймесі" «Восток Рубеж» ЖК-мен №14 шарт жасалды. Сыртқы өрт қауіпсіздігі баспалдағының хаттамасы 2022 жылдың 18 қарашасы №22-441. Өрт қауіпсіздігі бойынша құжаттар талапқа сай, тексеру нәтижесінің актісі бар.

Ссылка:

Бейнебақылау

<https://drive.google.com/file/d/1iEwEYs9KMsXPsa-WyeMYna7iyQ6qeqzW/view?usp=sharing>

Дабыл түймесі

<https://drive.google.com/file/d/1zH2QUp0nDp8rT3uNv3u-RU6ZKaJ6F3xH/view?usp=sharing>

Сыртқы өрт қауіпсіздігі баспалдағы

<https://drive.google.com/file/d/1CSLLN9ektDKon2I4-ZwLLabY4bdKzpIO/view?usp=sharing>

Өрт қауіпсіздігі, тексеру нәтижелері

<https://drive.google.com/file/d/1p6HuEXVr784HMNWb9dnbidrT7AJv5fqT/view?usp=sharing>

Жыл сайын қаңтар айының басында балабақша-бөбекжайының барлық қызметкерлері еңбекті қорғау, жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғау ережелерін сақтау бойынша нұсқаулықтан өтті. Балабақша-бөбекжайы екі қабатты типтік ғимаратта орналасқан. Ғимарат жарық, ыстық су, канализация, сантехникасы бар, қанағаттанарлық жағдайда. Топтық бөлмелер мен жатын бөлме бір-бірінен бөлек орналасқан. Музыка залы, әдістемелік, психолог, логопед кабинеттері бар. Дене тәрбиесінен зал жоқ, музыка залымен бірге. Асхана бөлмесі бірінші қабатта орналасқан, қажетті заттармен қамтамасыз етілген, екі камералы тұрмыстық тоңазытқыш 2 дана, мұздатқыш - 1 дана, пеші бар, электр

плиталары - 2 дана, электр ет тартқышы - 1 дана және жеміс кесетін құрал – 1 дана бар. Кір жуатын бөлме тұрмыстық кір жуғыш машинамен, үтіктеу тақтасымен және темір кір жайғышпен қамтамасыз етілген. Жеткілікті мөлшерде төсек жабдықтары арнайы сөрелерде орналасқан. Медициналық қызмет бөлмесі бірінші қабатта орналасқан. Медициналық блок 2 кабинеттен тұрады: изолятор, жұмыс кабинеті, санпинге сәйкес медициналық препараттармен жабдықталған. Балабақша-бөбекжайы ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықталған. Балабақша-бөбекжайында 6 топқа арналған ойын, бөлек жатын бөлмесі, қабылдау, дәретхана бөлмелері бар. Топтар шкафтар, төсектер, орындықтар, үстелдер, ойыншықтармен жабдықталған. Балабақша-бөбекжайында серуендеуге, ойнауға арналған бөлек аймақтар бар, қауіпсіздік ережелері сақталған.

Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат 4-қосымша

https://drive.google.com/file/d/1JrLXuUvX8N0LVkDWiEB9d_XYX47-T0Av/view?usp=sharing

Балабақша және топтар бойынша видеолар сайтта қосымша берілген.

6. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

Балабақша-бөбекжайында электрондық ресурстар базасы бар:

- компьютер – 3 дана.
- ноутбук - 2 дана.
- теледидар - 8 дана.
- интерактивті тақта- 3 дана.
- магнитофон -3 дана.
- музыкалық орталығы-1 дана.
- сканер - 2 дана
- принтер - 3 дана
- проекторлар-2 дана.

Бағаланатын кезеңдегі балабақшаның кітапхана қоры: - қазақ тілін оқыту бойынша әдістемелік әдебиет-150 дана; - сөздіктер-30 дана; - мемлекеттік тілдегі қосымша әдебиеттер-200 дана; - аудиотека-50 дана; - қоршаған әлеммен танысу бойынша әдістемелік әдебиет, экология негіздері - 45 дана; сөйлеуді дамыту, сауаттылыққа оқыту бойынша әдістемелік әдебиеттер-130 дана; - көркем әдебиет бойынша әдістемелік әдебиет-70 дана; - қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша әдістемелік әдебиет - 100 дана; - қауіпсіз өмір негіздері бойынша әдістемелік әдебиет, валеология-50 дана.; - көркем әдебиет бойынша әдістемелік әдебиет - 85 дана; - Құрылыс және қол еңбегі-75 дана; - музыка бойынша әдістемелік әдебиет-65 дана; дене шынықтыру бойынша - 90 дана; - энциклопедиялық әдебиет-20 дана. Балабақша топтарындағы кітапхана қоры, әдістемелік кабинетте жаңартылып толықтырылып отырады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: Балабақша-бөбекжайында баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар толық жан-жақты жасалған. Заттық дамытушы ортаның мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес

келеді, мезгіл-мезгілмен өзгеріп отырады, үнемі байытылады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне назар аударады. (4- қосымша) Ұйымдастырылған іс-әрекетте жас топтарының педагогтары әсіресе мектепалды даярлық, ересек, ортаңғы топтарының ата-аналары өз қаражатына ерікті негізде сатып алатын «**Shugylakitap**» баспасының жазу дәптерлері пайдаланылады. Сонымен қатар осы баспасының оқу-әдістемелік кешендерін толық пайдаланылады. Және де балабақша педагогтарының жеке зерттеу жұмыстарының нәтижесінде шыққан әдістемелік құралдары да қолданыста.

Оқу – әдістемелік кешендерінің болуы туралы мәлімет 5-қосымша

2021-2022 жыл

<https://drive.google.com/file/d/1dgoqqOp-OM32GqJnFCRlBpRhVFYWTnCf/view?usp=sharing>

2022-2023 жыл

https://drive.google.com/file/d/1kyxZTtXlNIYUqvI6tvF-myMK_pYgHE52/view?usp=sharing

2023-2024 жыл

<https://drive.google.com/file/d/1i63RfATiR9sKaJ3OyEUheVTopV-9UA5z/view?usp=sharing>

Балабақша педагогтары зерттеу жұмысымен үздіксіз айналысып келе жатыр. Педагогтарымыздың жоғары нәтижеге жеткен зерттеу жұмыстарын атап өтуге болады. *«Мектепалды даярлық топ балаларына арналған тренингтер элементтері бар дамытушы ұйымдастырылған оқу қызметтер жоспарының жинағы» (Педагог-психолог Байтикова К.А.)* мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті білім беру стандарты және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына және өтпелі тақырыптарына сәйкес дайындалған. Жинақта мектепалды даярлық топ балаларына арналған әртүрлі танымдық бағыттағы ойын-тапсырмалар, импровизациялық ойындар, психологиялық ертегілер мен пластикалық этюдтер ұсынылған. Бұл жинақ мектепке дейінгі ұйымдардың, шағын орталықтардың педагогтары мен психологтарына арналады. *«Педагогтардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты мен үлгілік оқыту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттерін психологиялық сүйемелдеу» (Педагог-психолог Байтикова К.А.)* құрал мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті білім беру стандарты және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес дайындалған. Құралда мектепке дейінгі мекеме педагогтарына арналған әртүрлі бағыттағы семинарлар және психологиялық тренингтер ұсынылған. Жинақталған семинарлар мен тренингтер мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтардың педагогикалық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыруларына септігін тигізеді. Бұл әдістемелік құралдар ШҚО білім басқрамасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кеңес

отырысында 2021 жылдың 30 сәуіріндегі №2 хаттамасымен бекітіліп, облыстық эксперттік кеңеске ұсынылды.

«5-6 жастағы балалардың тілдік-шығармашылықтарын дамытуда ТРИЗ элементін қолдану» (Әдіскер Кожанова Б.М.) жинағы. Бұл жинаққа ТРИЗ элементі негізінде құрастырылған 5-6 жастағы балалардың тілдік-шығармашылықтарын дамытуға бағытталған ойындар жинақталған. Жинақ мектепке дейінгі ұйымның мектепалды даярлық тобы балаларымен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге педагогикалық шеберліктерін арттыруға, баланың тілдік шығармашылықтарын дамытуға арналған. «5 жастан бастап математика негіздерін қалыптастыруда дифференциалдап оқыту әдісі бойынша деңгейлік тапсырмалар жинағы» (Тәрбиеші Ибрагимова Алия Ж) Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды дифференциалдап ұсыну қарапайым математикалық түсініктерін сапалы қалыптастыру негізінде олардың логикалық ой әрекетінің артуына негіз болатын әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Бұл жинақ мектепке дейінгі ұйымдардың, шағын орталықтардың педагогтарына арналады. «Ойын түрінде қарым-қатынас жағдайын туғызу мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерінің дамуының шарты ретінде» (Тәрбиеші Алимбетова К.У) жинағы. Ойындар жинағы тіл дамыту ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында мектеп жасына дейінгі 4-5 жастағы балалардың қарым – қатынас жағдайын туғызуға және тілдік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне көмекші құрал ретінде ұсынылады. Бұл әдістемелік құрал да ШҚО білім басқрамасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кеңес отырысында 2021 жылдың 30 сәуіріндегі №2 хаттамасымен бекітіліп, облыстық эксперттік кеңеске ұсынылды.

Сонымен қатар, ұйым педагогтарының «**Shugylakitap**» баспасымен бірлесе жасаған барлық жас ерекшелікке арналған бірнеше әдістемелік құралдары бар. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, жаратылыстану, математика негіздері, көркем әдебиет хрестоматиясы, дамытушы ойындар және «Инабаттылық тәрбие»** әдістемелік құралдарын жазып шығарды. Бұл құралдар «Әдістемелік құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2019 жылғы 17 мамырдағы № 217** бұйрығына және «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2020 жылғы 22 мамырдағы № 216** бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің **2020 жылдың 08 қыркүйегіндегі №389** бұйрығында бекітілген Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесінде

№106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайы педагогтарының «*Shuǵylakitap*» баспасындағы бірнеше әдістемелік құралдары енгізілді.

Әдістемелік құралдардың авторлары:

1. *Каримова Ж.К. - директор*
2. *Кожанова Б.М. – әдіскер*
3. *Алимбетова К.У. – тәрбиеші*
4. *Ибрагимова Алия Ж. – тәрбиеші*
5. *Рахимова Г.А. – тәрбиеші*
6. *Кабдешова Г.А. – пән мұғалімі*
7. *Сейтказина М.Х.-тәрбиеші*
8. *Жолдагулова Ж.К.*
9. *Ибрагимова Айжан Ж.*

Барлық жас ерекшелік топтары педагогтар мен ата-аналарға көмек ретінде әдістемелік, дидактикалық ойындармен қамтылған, ең бастысы тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бағытталған. Әр жыл сайын балалардың іс-әрекеттерін өздігінен дамыту үшін ойыншықтар, дидактикалық ойындар, мазмұнды рөлдік ойындар, танымдық, үстел үсті, логикалық ойындармен жаңартылып отырады. Жыл сайын тәрбие-оқыту процесі жаңа әдістемелік оқулықтармен толықтырылып отырады. Биылғы оқу жылында этнопедагогикалық тәрбиені дамыту мақсатында қазақ халқының ұлттық қол өнеріне көңіл бөлінді: киіз үй және оның ішіндегі қазақтың ұлттық қолданбалы сәндік бұйымдары мен жиһаздарымен жабдықталды.

Балабақша-бөбекжайы ұжымының әдістемелік құралдары, оқыту мен тәрбиелеу жоспарлары, бағдарламалары, кітапхана, видео материалдар және оқу құралдарымен толық жабдықталған.

Жалпы кітаптар саны	Көркем әдеби және ертегі кітаптар	Аудио кітаптар	Балаларға арналған жұмыс дәптерлері	Үлестірмелі материалдар жинақталған кітаптар	Авторлық кітаптар
500	300	10	100	50	20

Қорытынды: балабақша-бөбекжайы оқу-әдістемелік кешендермен **90%** қамтылған.

7. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

7.1. Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы - қыркүйек, аралық - қаңтар және қорытынды мамыр айларында).

Мониторинг мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және зияткерлік қасиеттерінің даму динамикасын анықтау.

Мақсатты жүзеге асыруда:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау міндеттері шешілді.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагогикалық қызметкерлермен ынтымақтастықта жүргізеді. Топтың мониторингі нәтижелері негізінде оқу жылына баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасында педагогтер кестеге дамытушы немесе түзету шараларын енгізеді. Аталған нәтижелер мекеменің жыл бойы атқарылған жұмыстары арқылы көрініс тапты. Мектепке дейінгі балалардың мемлекеттік стандартты игеруі жоғары көрсеткіштерді көрсетуі, әрекетті типті оқыту технологиясының жүйелі жүзеге асырылуын дәлелдейді. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру сапасында әрекетті типті оқыту әдісі және 4 К моделі білім беру мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруда жетекші болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі әрекетті типті оқыту әдісін және 4К моделін енгізу бойынша тәжірибелі-эксперименталды жұмыстың нәтижелі болуы бақыланып қорытынды жасалынып отырды.

Балабақшадағы педагогикалық іс-әрекетіміздің тұлғалық-әрекеттік оқытуға негізделуіне үлгілік оқу бағдарламасының көп ықпал етіп отырғанын айта кеткен жөн. Бағдарлама оқытып тәрбиелеу үдерісінің қатысушылары – педагог пен баланы толық қамти отырып, баланың педагогпен бірлескен іс-әрекетіндегі білім мен білікті жаңа технологиялар негізінде ойын арқылы әрекетті түрде меңгеруіне ықпал етіп отырды.

Жиынтық есеп

ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің № 106 «Қарлығаш» балабақша- бөбекжайы КМҚК тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша **бастапқы** даму мониторингінің нәтижелері

2021-2022 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I-деңгей	II-деңгей	III -деңгей
1	«Айналайын» тобы	20	5	8	7
2	«Қошақан» тобы	20	7	7	6
3	«Ортеке» тобы	25	3	12	10
4	«Ботақан» тобы	25	3	8	14
5	«Балапан» тобы	25	2	7	16
6	«Құлыншақ» тобы	25	2	8	15
Барлығы:		140	25	50	68
			I-деңгейдегі балалардың үлесі 15%	II-деңгейдегі балалардың үлесі 35%	III-деңгейдегі балалардың үлесі 50%

**Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы
бақылау нәтижелерінің
САРАПТАМАСЫ
2021-2022 оқу жылы**

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы мониторингісіне барлығы 140 бала кіші топтан бастап мектепалды даярлық тобынан құралған 6 топ қатысты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балабақша-бөбкжайының тәрбиеленушілерінің бастапқы мониторингінің нәтижесі:

Жоғары -50 %;

Орташа -35%;

Төмен -15%

Тиісінше, топтардың дамуының орташа және жоғары деңгейі бар балалардың қорытынды мониторингтің саны - 85% құрайды. Білім беру салалары бойынша бағдарламалық мазмұнды игеру деңгейін анықтау үшін салыстырмалы диаграммалар жасалды.

Ұсыныстар: тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру жөніндегі жұмысты жалғастырсын. І жарты жылдықтың соңында ұйымдастырылған оқу қызметінде де, одан тыс жерлерде де балалармен жеке және топтық жұмыс жүргізу арқылы ІІІ деңгей көрсеткіштерін арттыру қажет, оны тәрбие-білім беру қызметінің циклограммасында және жеке даму картасында түзету іс-шараларында көрсету қажет. Қиял мен шығармашылық қабілетінің даму деңгейі ойлау операцияларымен тығыз байланыстылығын ескере отырып, салыстыру, сипаттау, талдау, жалпылау, топтастыру сияқты қарапайым ой операцияларын дамытуды үзбей жүйелі ретімен жүзеге асыру.

**Жиынтық есеп
Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды
бақылау нәтижелері
2021-2022 оқу жылы**

№	Топтың атауы	Бала саны	I-деңгей	II-деңгей	III -деңгей
1	«Айналайын» тобы	20	4	7	9
2	«Қошақан» тобы	20	3	7	10
3	«Ортеке» тобы	25	4	9	11
4	«Ботақан» тобы	25	0	7	18

5	«Балапан» тобы	25	0	5	20
6	«Құлыншақ» тобы	25	0	4	21
Барлығы:		140	11	1	102
			I-деңгейдегі балалардың үлесі 2%	II-деңгейдегі балалардың үлесі 26%	III-деңгейдегі балалардың үлесі 72%

Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 2%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі 26%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 72% құрады.

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау САРАПТАМАСЫ 2021-2022 оқу жылы


Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы мониторингісіне барлығы 140 бала кіші топтан бастап мектепалды даярлық тобынан құралған 6 топ қатысты. Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы қыркүйек айында).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балабақша-бөбекжайының тәрбиеленушілерінің қорытынды мониторингінің нәтижесі:

I деңгей- 2% ; II деңгей- 26% ; III деңгей- 72%

Топтардың дамуының орташа және жоғары деңгейі бар балалардың саны - 98% құрады. Білім беру салалары бойынша бағдарламалық мазмұнды игеру деңгейін анықтау үшін салыстырмалы диаграммалар жасалды.

Ұсыныстар: Балалардың тілдерін дамыту мақсатында түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді, яғни әр педагогқа берілген технологияны, әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдануды жалғастыру, басқа жолдарын қарастырып, толықтыру, материалдар зерделеу.



Қорытынды: 2021-2022 оқу жылының бастапқы және қорытынды мониторингінің салыстырмалы диаграммасынан балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының өсу деңгейін көруге болады.


Жиынтық есеп

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының **бастапқы** бақылау нәтижелері

2022 -2023 оқу жылы

№	Топтың атауы	Бала саны	I-деңгей	II-деңгей	III -деңгей
1	«Айналайын» тобы	20	4	10	6
2	«Қошақан» тобы	20	5	8	7
3	«Ортеке» тобы	24	3	7	14
4	«Ботақан» тобы	25	3	9	13
5	«Балапан» тобы	25	3	10	12
6	«Құлыншақ» тобы	25	3	8	14
Барлығы:		139	23	50	66
			I-деңгейдегі балалардың үлесі 16%	II-деңгейдегі балалардың үлесі 35%	III-деңгейдегі балалардың үлесі 49%

Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 16%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі 35%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 49%.



Жиынтық есеп

2022-2023 оқу жылында ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің № 106 «Қарлығаш» балабақша- бөбекжайы КМҚК тәрбиеленушілерінің Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша **бастапқы** даму мониторингінің нәтижелері

Топ атауы	Бала саны	Физикалық дағдылар			Коммуникативті дағдылар			Танымдық дағдылар			Шығармашылық дағдылар			Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар		
		I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
«Қошақан» 2 жастан бастап	20	7/ 35%	7/ 35%	6/ 30%	6/ 30%	9/ 45%	5/ 25%	5/ 25%	10/ 50%	5 25%	6/ 30%	9/ 45%	5/ 25%	7/ 35%	8/ 40%	5 25%
«Айналайын» 2 жастан бастап	20	5/ 25%	10/ 50%	5/ 25%	7/ 20%	10/ 50%	3/ 15%	9/ 45%	8/ 40%	3/ 15%	9/ 45%	7/ 35%	4/ 20%	11/ 55%	7/ 35%	2/ 10%
«Ботақан» 3 жастан бастап	25	3/ 12%	12/ 48%	10/ 40%	8 32%	10/ 40%	7/ 28%	9/ 36%	12/ 48%	4/ 16%	7/ 28%	10/ 44%	8/ 32%	8 32%	10/ 42%	7/ 28%
«Ортеке» 3 жастан бастап	24	2/ 9%	14/ 58%	8/ 33%	9/ 37%	7/ 29%	8/ 34%	7/ 29%	10/ 42%	7/ 29%	7/ 29%	12/ 50%	5/ 21%	10/ 42%	9/ 37%	5/ 21%
«Балапан» 4 жастан бастап	25	0/ 0%	14/ 56%	11/ 44%	7/ 28%	13/ 52%	5/ 20%	8/ 32%	11/ 44%	6/ 24%	6/ 24%	13/ 52%	6/ 24%	6/ 24%	12/ 48%	7/ 28%
Құлыншақ 5 жастан бастап	25	0/ 0%	17/ 68%	8/ 32%	2/ 8%	18/ 68%	5/ 24%	2/ 13%	17/ 68%	6/ 24%	2/ 8%	18/ 68%	6/ 24%	2/ 8%	17/ 68%	6/ 24%
Барлығы:	139	16/ 12%	74/ 53%	48/ 35%	49/ 36%	67/ 48%	22/ 16%	55/ 40%	61/ 45%	22/ 15%	42/ 30%	70/ 50%	29/ 20%	51/ 37%	63/ 45%	24/ 18%

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау
САРАПТАМАСЫ
2022-2023 оқу жылы

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы мониторингіне барлығы 139 бала кіші топтан бастап мектепалды даярлық тобынан құралған 6 топ қатысты. Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат үшін диагностика негізінде Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы қыркүйек айында).

«Кіші» топ барлығы 40 бала қатысты.

Балалардың физикалық қасиеттерінің дамуы бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту

Жоғарғы деңгейде – **28%** - 11 бала.

Орташа деңгейде – **42%** - 17 бала.

Төменгі деңгейде – **30%** - 12 бала.

Жеке гигиена дағдыларын, салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға, сонымен қатар дене дамуын нығайтуға назар аудару.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Жоғарғы деңгейде – **20%** - 8 бала.

Орташа деңгейде – **48%** - 19 бала.

Төменгі деңгейде – **32%** - 13 бала.

Балалардың сөйлеуді дамытуға және қатынастық дағдыларын шындап, көңіл аудару. Әдебиет жанрлары туралы білімдерін кеңейту, әдебиет шығармаларын мұқият тыңдауды және мінерлеп оқуды, таныс мәтіннің мазмұнын айтып беруді үйрету.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Жоғарғы деңгейде – **20%** - 8 бала.

Орташа деңгейде – **45%** - 18 бала.

Төменгі деңгейде – **35%** - 14 бала.

Балаларда әлемнің біртұтас көрінісін, сенсорлық эталонмен қарапайым математикалық түсініктерді, конструктивтік дағдыларын қалыптастыруға назар аудару.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

Жоғарғы деңгейде – **23%** - 9 бала.

Орташа деңгейде – **40%** - 15 бала.

Төменгі деңгейде – **37%** - 15 бала.

Жасына сәйкес бейнелеу іс – әрекетінде балалардың шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыс жүргізу, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру техникасын жетілдіру, тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша

Жоғарғы деңгейде – **18%** - 7 бала.

Орташа деңгейде - **45%** - 8 бала.

Төменгі деңгейде – **37%** - 15 бала.

Балалар қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атайды, есте сақтай алды. Есімін атағанда жауап береді, бірақ әлі жеке жұмыстарды қажет етеді.

Қорытынды: 2022 жылдың қыркүйек айында өткізілген мониторинг келесі нәтиже көрсетті: кіші топ тәрбиеленушілерінің құзіреттілігі 22% төмен деңгейде, орташа деңгейде 45%, ал 33%-ы жоғары деңгейді көрсетті.



«Ортаңғы» топ балаларынан барлығы 49 бала қатысты.

Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту бойынша

жоғарғы деңгейде – 37% - 18 бала

орташа деңгейде - 53 % - 26 бала

төменгі деңгейде – 10% - 5 бала

Ұқыптылық дағдыларын бекітуге, жеке гигиена дағдыларын, салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға, сонымен қатар, дене дамуын нығайтуына, жүгіру, жүру еңбектеу және өрмелеу, лақтыру, тепе – теңдік сақтау дағдыларын дамытуға назар аудару.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша

Жоғарғы деңгейде – 30% - 15 бала

Орташа деңгейде – 35% - 17 бала

Төмен деңгейде – 35% - 17 бала

Балалардың сөйлеуді дамытуға және қатынастық дағдыларын шындап, көңіл аудару. Қалауларын, сезімдерін, ойларын білдіретін сөздерді қолдануды; дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды; қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтуды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Жоғарғы деңгейде -23% - 11 бала

Орташа деңгейде - 40% - 19 бала

Төмен деңгейде 37% - 16 бала

Балаларға құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажырата алуды, ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолдануды үйрету, табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктерді беру.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша

Жоғарғы деңгейде – 27% - 13 бала

Орта деңгейде – 45% - 22 бала

Төмен деңгейде - 28% - 14 бала

